

# Есеп беру механизмі

Азиялық Даму Банкінің көмегімен жүзеге асатын жобалардың кері әсері тиген жұртшылықты тыңдау және дамыту әрекеттерінің тиімділігін күшейту

## Азиялық Даму Банкі туралы

Азиялық Даму Банкі (АДБ) 63 мүшесі иеленетін көпжақты дамытуды қаржыландыру институты. Оның көздеген мақсаты - кедейшіліктен бос Азия мен Тынық мұхит өңірі. Өзінің дамып келе жатқан мүше-елдерінің үкіметтері мен жеке меншік кәсіпорындарына несиелер, техникалық көмек, гранттар, акцияларына капитал салу және кепілдіктер беру арқылы кең ауқымды дамытуға бағытталған әрекеттер көмегімен АДБ халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпалын тигізеді.



## АДБ-нің Есеп беру механизмі дегеніміз не?

2003 жылдың мамыр айында АДБ бұрынғы Тексеру Қызметінің орнына жаңа Есеп беру Механизмін бекітті. Бұл механизм АДБ-нің көмегімен іске асатын жобалардың кері әсеріне тап болған халыққа өз мұңын шағып, басындағы проблемаларды шешу жолдарын іздеумен қатар, АДБ-нің қызметтік саясаты мен тәртібін бұзушылықтар туралы мәліметтерді хабарлауына бұрынғыдан да зор мүмкіндікпен қамтамасыз ету үшін құрылған.

Сонымен қатар, бұл механизм АДБ-нің өз қызметінде дамыту шараларының тиімділігін, жобалардың сапасын және ашықтықты арттыруды көздейді.

Механизмнің негізгі қасиеті - екі өзара байланысты қызметтері: кеңес беру және процедуралық орындалуын бақылау/қарастыру. Алдымен проблемаларды шешуге ұмтылған жақтардың арасында кеңес жүргізілуі тиіс. Қанағаттандырарлық шешім табылмаған жағдайда, кеңес алу үшін берілген арыз қарауға келмейтін болып есептелген жағдайда немесе кеңес беру үдерісі аяқталуға таяу кезде көтерілген мәселе процедуралық сәйкестікке байланысты болғанда процедуралық орындалуын қарастыруға өтініш беру мүмкін болады.

## Кеңесу кезеңі дегеніміз не?

- Кеңесу кезеңі АДБ-нің көмегімен орындалатын жобалардың кері әсеріне душар болған жұртшылыққа қиыншылықтарды шешуге көмектесуді мақсат етеді. Бұл кезеңге АДБ тарапынан Жобаның Арнайы Дәнекершісі (*Special Project Facilitator/SPF*) жауап береді.
- Кеңесу кезеңі шағымданудың құқықтылығын қарастырумен басталады. Қабылданған жағдайда негізгі көңіл қатысушы жақтар, яғни шағымданушы, жобаны іске асырушы, дамушы мүше-мемлекеттің үкіметі немесе жекеменшік сектор демеушісі және АДБ, арасында келісімге қол жеткізуге көңіл бөлінеді. Дегенмен, Жобаның Арнайы Дәнекершісі дамушы мүше-мемлекеттің ішкі істеріне араласпайды.
- Жобаның Арнайы Дәнекершісі (SPF) проблемаларды шешудің қосымша көзі болып табылады, бірақ АДБ-нің Операциялық Департаменттерінің құзыретіне жататын жобаларды ұйымдастыру жұмыстарын атқармайды. Ол тікелей АДБ-нің президентіне есеп береді және шағымды қарастыру әрекеттерін ұсынады. Сонымен бірге ол кеңесу нәтижесінде қол жеткен келісімдерді іске асыруды қадағалайды.

**" Барлық қатысушы жақтардың қолдауымен Есеп беру Механизмі сол қатысушы жақтардың АДБ тарапынан жобалар кері әсер еткен жұртшылықтың арыз-өтініштерін лезде қарастыруына және АДБ-нің жауапкершілігін арттыратын ашық процесс орнатуына қатысты талаптарын қанағаттандыратынына сенімдімін."**

**Тадао Чайно**

АДБ Президенті

АДБ-нің Есеп Беру Механизмінің тиімді болғанына орай арнаған жолдауынан

2003 ж., желтоқсан



### **Процедуралық орындалуын бақылау/ қарастыру дегеніміз не ?**

- Бұл Ұжымға арнайы Секретариат - Процедуралық Орындалуын Қарастыру Ұжымының Мекемесі - көмектеседі. Сонымен қатар Ұжым Директорлар Алқасы бекіткен қалпына келтіру әрекеттерінің орындалуын қадағалайды.
- Процедуралық орындалуын қарастыру берілген өтініштің құқықтылығы (орындылығы) туралы Ұжымның АДБ Директорлар Алқасына ұсыныс жасауынан басталады. Келісім алынған жағдайда Ұжым тәуелсіз тергеу жүргізеді және Директорлар Алқасына жобаның қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде жобаның ауқымын немесе оны іске асыру барысын өзгерту жайлы ұсыныстар жасайды.
- Бұл Ұжымға арнайы Секретариат - Процедуралық Орындалуын Қарастыру Ұжымының Мекемесі - көмектеседі. Сонымен қатар Ұжым Директорлар Алқасы бекіткен қалпына келтіру әрекеттерінің орындалуын қадағалайды.

### **Шағым немесе өтінішті кімдер бере алады?**

- АДБ-нің көмегімен орындалатын жоба орналасқан елдің немесе соған көршілес мүше-мемлекеттің кез келген екі немесе одан да көп мүшесі бар топ. Мұндай топтар ұйым, серіктестік, қоғам немесе кез келген басқа жеке адамдар болуы мүмкін.
- Жобаның кері әсері тиген адамдар тағайындайтын жергілікті өкіл.
- Жергілікті емес өкіл - жергілікті өкіл болмаған және Жобаның Арнайы Дәнекершісі (SPF) келіскен айрықша жағдайларда; ал өтініш беруде - Процедуралық Орындалуын Қарастыру Ұжымы (CRP) келіскен жағдайда.
- Арнайы жағдайларда қазіргі кезде орындалып жатқан жобаларға қатысты өтінішті Алқаның кез-келген мүшесі бере алады.




## Шағым/өтінішті қалай беруге болады?

Шағымданушы ең алдымен өз шағымын Жобаның Арнайы Дәнекершісіне (SPF) тапсырады. Берген шағымы құқықсыз (қарастыруға келмейтін) деп табылған жағдайда, кеңесудің нәтижесімен қанағаттанбаса немесе кеңесу кезеңі аяқталуға таяу кезде процедуралық орындалуына қатысты сұрақтар туған жағдайда өтінішті Процедуралық Орындалуын Қарастыру Ұжымына (CRP) тапсыруға болады.

Шағымдар/өтініштер жазбаша түрде Жобаның Арнайы Дәнекершісіне (SPF) /Хатшысына, Процедуралық Орындалуын Қарастыру Ұжымына (CRP) пошта, факс немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі қажет немесе АДБ-нің штаб-пәтеріне немесе кез-келген жергілікті өкілдігіне жеткізілуі тиіс. Шағымдар/өтініштер ағылшын тілінде немесе АДБ-нің дамушы мүше елдерінің кез-келген ресми немесе ұлттық тілдерінде (шағымданушы/өтініш беруші ағылшын тілінде аудармамен қамтамасыз ете алмаған жағдайда) қабылданады. Арыз берушілердің тұлғасы, сәйкес өтініші болған жағдайда, құпияда сақталады, бірақ анонимді шағымдар қабылданбайды.

## Қандай мәселелер шағым/өтініш ретінде қабылданбайды?

- Тауарлар, жұмыстар және кеңес беру қызметтерін сатып алуға байланысты АДБ немесе Жобаны Орындаушы Ұйым қабылдаған шешімдер. Бұл мәселелер АДБ-нің Орталық Операциялық Қызметтер Офисіне жіберілуі тиіс. Бұл Офиске [www.adb.org/COSO](http://www.adb.org/COSO) арқылы хабарласуға болады.
- Жобалардағы және АДБ қызметкерлері тарапынан орын алған айлакерлік пен жемқорлық жайлы мәліметтер. Мұндай мәселелер АДБ-нің Жемқорлыққа Қарсы Күрес Бөліміне, Бас Аудитор Офисіне хабарлануы міндет. Бұл офистерге келесідей хабарласуға болады: [www.adb.org/Anticorruption/unit.asp](http://www.adb.org/Anticorruption/unit.asp).
- Жобаның аяқталуы туралы есеп тапсырылғаннан кейін, әдетте жобаның іс жүзінде аяқталғанынан екі жыл өткеннен кейін.
- Бұрынғы Тексеру Қызметінің немесе Процедуралық Орындалуын Қарастыру Ұжымының (CRP) қарауында болған мәселелер.
- Концептуалдық құжаты 2003 жылдың 29 мамырына дейін қабылданған жеке меншік секторындағы жобалар.



АДБ-нің Есеп беру механизмі туралы қосымша мәліметті мына мекен-жай бойынша алуға болады  
[www.compliance.adb.org](http://www.compliance.adb.org)

## Шағымның мазмұны

Шағым келесі мәселелерді қамтуы керек

- Шағымданушы АДБ-нің көмегімен іске асатын жобалардың нәтижесінде тікелей материалдық және жағымсыз әсеріне ұшырағаны немесе ұшырау мүмкіндігі
- Тікелей және материалдық зардаптың АДБ-нің көмегімен орындалатын жобаларды ұйымдастыру, дайындау және іске асыру кезінде АДБ-нің іс-әрекетінің немесе жіберген қателіктерінің салдарынан болғаны немесе болу мүмкіндігі
- АДБ-нің көмегімен іске асатын жобалардың нәтижесінде тікелей материалдық және кері әсеріне ұшыраған немесе ұшырауы мүмкін құқықтар мен мүдделердің сипаттамасы
- Шағымданушының (немесе кез-келген өкілінің) тұлғасын растайтын және мекен-жайы туралы мәлімет. Шағымданушының тұлғасын құпия сақтау туралы өтініш болған жағдайда осындай өтініштің себебі
- Өкіл болған жағдайда жобаның орындалуынан кері әсер алған адамдар туралы мәлімет және Өкілдің сол адамдардың мүддесін қорғауға өкілеттік дәлелдемесі Бар болса, АДБ-нің көмегімен іске асатын жоба жайлы қысқаша мәлімет, жобаның аты мен орналасқан жері
- Орындалған жобалардың кері әсеріне ұшыраған адамдардың АДБ-нен Жобаның Арнайы Дәнекершісі (SPF) арқылы қандай іс-әрекет немесе көмек күтетіні
- Шағымданушының осы проблемалармен ең алдымен тиісті Операциялық Департаментіне жүгіну әрекеттері туралы мәлімет
- Жоғарыдағы мәліметтердің кез-келген біреуі беріле алмаған жағдайда оның себебі
- Басқа да қатысы бар жайлар мен дәлелдемелер

Жобаның Арнайы Дәнекершісіне (SPF) төмендегі мекен-жай бойынша хабарласуға болады:

### Special Project Facilitator

Asian Development Bank  
6 ADB Avenue  
Mandaluyong City 1550  
Philippines

Тел: +632 632-4825  
Факс: +632 636-2490  
Эл. пошта: [spf@adb.org](mailto:spf@adb.org)  
Интернет: [www.adb.org/spf](http://www.adb.org/spf)

## Процедуралық орындалуын қарастыру мақсатында берілетін өтініштің мазмұны

Өтініш келесі мәселелерді қамтуы шарт:

- Өтінуші АДБ-нің көмегімен іске асатын жобалардың кері әсерінен тікелей материалдық зардапқа және жағымсыз әсерге ұшырағаны немесе ұшырау мүмкіндігі
- Тікелей және материалдық зардап АДБ-нің көмегімен орындалатын жобаларды ұйымдастыру, дайындау және іске асыру кезінде АДБ-нің іс-әрекетінің немесе жіберген қателіктерінің, өзінің қызмет тәртібін сақтамау салдарынан болғаны немесе болу мүмкіндігі
- АДБ-нің көмегімен іске асатын жобалардың нәтижесінде тікелей материалдық және жағымсыз әсерге ұшыраған немесе ұшырауы мүмкін құқықтар мен мүдделердің сипаттамасы
- Өтініш берушінің тұлғасын растайтын және мекен-жайы туралы мәлімет. Оған қоса тұлғасын құпия сақтауды өтінушінің себептері
- Өкіл болған жағдайда жобаның орындалуынан жағымсыз әсер алған адамдар жайлы мәлімет, және Өкілдің сол адамдардың мүддесін қорғауға өкілеттік дәлелдемесі
- Бар болса, АДБ-нің көмегімен іске асатын жоба жайлы қысқаша мәлімет, жобаның аты мен орналасқан жері
- Орындалған жобалардың жағымсыз әсеріне ұшыраған адамдардың АДБ-нен қандай іс-әрекет немесе көмек күтетіні
- Өтініш берушінің осы өтінішпен ең алдымен Жобаның Арнайы Дәнекершісіне (SPF) жүгінгені туралы мәлімет және сондай жүгінудің нәтижесі (немесе Жобаның Арнайы Дәнекершісі (SPF) “қарауға жатпайды” деген себебімен өтінішті қараудан бас тартқанына қарамастан нәліктен бұл өтініш процедуралық сақталуын қарастыру үшін жүгінуге заңды жататыны туралы түсініктеме)
- Жоғарыдағы мәліметтердің кез-келген біреуі беріле алмаған жағдайда оның себебі
- Басқа да қатысы бар жайлар мен дәлелдемелер

Процедуралық Орындауын Қарастыру Ұжымына (CRP) келесі мекен-жайға жүгінуге болады:

### Secretary, Compliance Review Panel

Asian Development Bank  
6 ADB Avenue  
Mandaluyong City 1550  
Philippines

Тел: +632 632-4149  
Факс: +632 636-2088  
Эл. пошта: [crp@adb.org](mailto:crp@adb.org)  
Интернет: [www.compliance.adb.org](http://www.compliance.adb.org)